

КОМПАНИЯ ПРИ ПОДДЕРЖКЕ ПРАВИТЕЛЬСТВА ВЕДЕТ ПЛАНОМЕРНУЮ РАБОТУ ПО ОБНОВЛЕНИЮ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА. ЗА ПОСЛЕДНИЕ 10 ЛЕТ ПРИОБРЕТЕНО ОКОЛО 1,5 ТЫСЯЧИ СОВРЕМЕННЫХ ВАГОНОВ, В ТОМ ЧИСЛЕ ЗА 2023 ГОД И ПЕРВЫЙ КВАРТАЛ 2024 ГОДА – СВЫШЕ 150 ВАГОНОВ. К 2030 ГОДУ ПАРК НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОЗЧИКА ОБНОВИТСЯ НА 700 ВАГОНОВ, 537 ИЗ НИХ – ПРОИЗВОДСТВА «ШТАДЛЕР КАЗАХСТАН».

Жанибек ТАЙЖАНОВ,
генеральный директор АО «Пассажирские перевозки»



№45 (2975)
28/05/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС ТҮЛЕК!

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі ағымдағы жылдың 20-24 мамыр аралығында бүкіл ел бойынша көлік саласының мамандықтарымен таныстыру және көлік мамандықтарына тарту мақсатында қалалық, аудандық және ауылдық мектептердің 9-11 сынып түлектерімен кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастырды.

Даниял ХАМИТ,
Астана

Аталған кездесулерде көлік саласының сарапшылары теміржол, әуе, теңіз және автомобиль көлігіндегі мамандықтар туралы өз тәжірибелерімен және білімдерімен бөлісті. Көлік министрлігінің есебі бойынша бүгінгі таңда еліміздің көлік саласына 9 мыңдай маман жетіспейді. Сондықтан бұл бағыттағы мамандықтарға мемлекеттік білім беру грантын бөлу көлемін ұлғайтып, соған орай мектеп бітіруші түлектер арасында кәсіптік бағдар беру, көлік саласына таңдау жасауға ықпал ету мақсатында ұйымдастырылған кездесулер ҚТЖ мен оның жер-жердегі филиалдарында да өткізілді.

Кездесуде көлік саласының жетекші компаниялары, теміржол саласының тәжірибелі мамандары, әйгілі

теміржолшылар әулетінің өкілдері өздері таңдаған мамандық, сүйікті кәсібі жайлы сыр шертіп, жолшы, белгі беру-байланыс немесе вагон саласының маманы, машинист болудың қиындығы мен қызығы, жалпы 116 мың адам еңбек ететін теміржолшылардың үлкен ұжымында еңбек етудің жауапкершілігімен қоса артықшылығы жайлы баяндады.

Қазақстанда теміржол көлігінің кәсіби мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының көш басында – әу баста Ташкент теміржол институтының филиалы ретінде ашылған атақты Алматы теміржол көлігі инженерлері институты (АЛИИТ) 2000 жылдардың соңына қарай қайта құрылып, екі бірдей көлік саласының жоғары оқу орындары біріктіріліп, алдымен Көлік және коммуникация, бергін келе Логистика және көлік академиясы атанған, бүгінде М.Тынышпаев



атындағы АЛТ университеті теміржол саласында тер төгіп жүрген жүздеген, тіпті мыңдаған теміржолшының ұшқан ұясы десек, қателеспейміз. Сонымен қатар Жол қатынастары университеті мен бірқатар техникалық білім беретін жоғары оқу орындарының базасында теміржолшылар даярлайтын мамандықтар және машинист, станция кезекшісі, пойыз диспетчері, пойыз құрастырушы, вагон қараушы, электромеханик, жолсерік, жолшы, т.б. орта буын мамандар даярлайтын колледждер үлкен қалалар мен барлық облыстарда бар деуге болады. Күні кеше мектептерде соңғы қоңырау соғылып, 186 мың жасөспірім аттестат

алды. Енді олардың алдында «кім болам?» деген таңдау тұр. Олардың арасында тағдырын теміржолмен табыстырғысы келетін болашақ теміржолшылар да бар екені сөзсіз. Ендеше, сәт сапар, жолың болсын, жас түлек!

Айта кетейік, бүгінгі таңда ҚТЖ-ның ең ірі құрылымдары: Жүк тасымалында – 31,1 мың адам, Магистральдық желі дирекциясында – 21,2 мың адам, ал Жоллаушылар тасымалында 5,8 мың адам еңбек етеді. 11 313 адам жол шаруашылығында тер төксе, 7 413 машинист және 4 627 жолсерік бар.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЦИФРОВОМУ КОРИДОРУ ТМТМ ДАН СТАРТ

Дочерняя компания АО «НК «Қазақстан темір жолы» – АО «KTZ Express» и Global DTC Pte Ltd. объявили о запуске проекта по созданию цифрового коридора в рамках Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ).

Декларация о запуске подписана 23 мая 2024 года в присутствии Главы государства Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в Сингапуре на полях Казахстанско-Сингапурского бизнес-форума.

Документом предусмотрено сотрудничество по запуску проекта таможенного оформления электронного транзита грузов, следующих железнодорожным транспортом из Китая в страны Европейского союза через Республику Казахстан, а также реализации совместных мероприятий по обеспечению эффективной бесперебойной работы цифровой платформы Tez Customs на ТМТМ.

Отметим, платформа Tez Customs позволяет осуществлять таможенное декларирование грузов в электронном виде при поставках из КНР в страны Центральной Азии. Система экономит время и делает процесс перевозки максимально прозрачным, а Казахстан – привлекательным для торговых потоков.

Наша совместная инициатива с Global DTC открывает новые возможности для развития транспортной логистики. Интеграция цифровых технологий в процесс таможенного оформления значительно повысит эффективность и прозрачность перевозок, – отметил генеральный директор АО «KTZ Express» Дамир Кожамбетов.

Таким образом, исполняется курс, заданный руководством страны, по реализации проекта «Умная железная дорога». Напомним, 28 февраля текущего года Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев открыл новый Инновационный центр, созданный АО «НК «КТЖ» совместно с китайской компанией Huawei.

Тогда Главе государства были презентованы цифровые решения, направленные на повышение эффективности работы железнодорожного транспорта. Проекты осуществляются с привлечением мировых лидеров в области IT и телекоммуникаций. Реализуется пилотный проект системы по эффективному использованию локомотивов компании Wabtec. Ведется работа по модернизации инфраструктуры и услуг ҚТЖ с использованием облачных решений, Big Data, Интернета вещей (IoT) и искусственного интеллекта (AI).

Таким образом, благодаря реализации проекта «Умная железная дорога» за счет ускоренной цифровизации Казахстан может в самом ближайшем будущем значительно повысить эффективность перевозок и оптимизировать расходы, укрепить звание транзитного хаба Евразии.

Данный проект придаст новый импульс развитию Транскаспийского международного транспортного коридора, а также укрепит торгово-экономическое сотрудничество в регионе.

Асель ШАЙХИНОВА



Дүйсенбек СЫДЫҚОВ,
Жамбыл ЖТ бөлімшесінің
бас инженері:

ЖАМБЫЛ БӨЛІМШЕСІ ҮШ
ОБЛЫС ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ-
СТАНМЕН ШЕКАРАЛАСАТЫН
АЙМАҚТАРДЫ ҚАМТИТЫН
1236 ШАҚЫРЫМ ЖОЛДА ЖҮК
ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫ-
МАЛЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.
ТАСЫМАЛДЫҢ 93 ПАЙЫЗЫ –
ЭЛЕКТРОВАЗ, ЖЕТІ ПАЙЫЗЫ
ТЕПЛОВАЗ АРҚЫЛЫ ЖҮР-
ГІЗІЛЕДІ. БӨЛІМШЕГЕ ҚАРАСТЫ
ЕКІ ЛОКОМОТИВ, БІР ВАГОН
ПАЙДАЛАНУ ДЕПОСЫ БАР. АЛ
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМА-
СЫЗ ЕТУ ҮШІН 28 ТЕХНИКАЛЫҚ
ИНСПЕКТОР БЕКІТІЛГЕН.
ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУДА
ЖАУАПТЫ МАМАНДАРДЫ
ЫНТАЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА
ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОРЛАР
АРАСЫНДА БАЙҚАУЛАР ӨТ-
КІЗІЛІП ТҮРАДЫ

Перевозки

10 ЛЕТ ТРАНЗИТОМ ПО РК

Из Испании в Китай запущен контейнерный поезд к 10-летию самого длинного железнодорожного маршрута Мадрид – Иу. Состав проследует через территорию восьми стран, включая Казахстан.

Любовь РОББА,
Астана

Поезд перевозит 70 ДФЭ грузов – автозапчасти, оливковое масло, красное вино и другие товары. Он преодолет 13 тысяч километров по территории Испании, Франции, Польши, Беларуси, России, Казахстана и Китая. На сегодня это самый длинный железнодорожный маршрут в мире.

Количество грузовых поездов из Китая в Испанию превышает 500 в год. Первый состав отправился по Новому Шелковому пути из Иу в Мадрид в 2014 году, с 2015 года открыты и обратные рейсы. – Изначально мы сосредото-



чились на небольших товарах из Иу, но теперь у нас также есть продукты с высоким технологическим содержанием и высокой стоимостью, которые тоже доставляются

поездами, – сообщил ответственный за грузовой поезд «Исinya – Европа» Фэн Сюбинь.

За последние восемь лет торговля между Китаем и Испанией выросла с 400 миллионов

до 870 миллионов долларов.

В целом за четыре месяца 2024 года между Китаем и Европой было отправлено 6 184 поезда и перевезено 675 тысяч ДФЭ. Общее число запущенных поездов Китай – Европа на конец апреля составило 89 тысяч накопленным итогом.

– Для железнодорожной индустрии 10 лет – сравнительно короткий срок. Тем не менее результаты совместной деятельности, которые мы получили на железных дорогах евразийского пространства, – это иллюстрация, как показала себя за эти годы инициатива «Один поезд, один путь». И ключевой фактор успеха этого проекта, безусловно, высокая степень интеграции. Очень важно, что это были 10 лет именно синхронного развития стран – участниц проекта, – прокомментировал генеральный директор и председатель правления АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

МӘЖІЛІСТЕ СӨЗ БОЛДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы өтетін жалпы отырыстардың күн тәртібі нақтыланды. Отырыста ТХКБ дамыту мәселелері қаралатын болады.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Астана

Мәжілісте Қазақстан мен Қытай Үкіметтері арасындағы бірқатар келісімді ратификациялау, Транскаспий халықаралық көлік бағдары дамыту жөніндегі келісім арқылы Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша мультимодальды тасымалдарды дамыту маңыздылығы атап өтілді. Бұл Қазақстан мен Қытай аумақтары бойынша жүктерді тасымалдау үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

– Транскаспий халықаралық көлік бағдарын, оның ішінде Қытай-Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамыту жөніндегі келісім екі елдің аумағы бойынша контейнерлік пойыздар үшін экспорттық-импорттық, транзиттік тасымалдарды ұлғайту жөніндегі ынтымақтастықты одан әрі дамытуды көздейді. Жалпы отырыстың күн тәртібі жобасына Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің үкіметтері арасындағы халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісім де бар. Құжат түркі мемлекеті арасында темір жол, су және автокөлік арқылы жүк тасымалдау көлемін арттыруға жол ашады, – деді Е.Қошанов.

Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы қазақстандық теңіз порттарында жүктерді ауыстырып тиеу көлемі артты.

АУЫСТЫРЫП ТИЕУ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Транскаспий халықаралық көлік бағдарының (ТХКБ) әлеуетін арттыру мақсатында ҚР Көлік министрлігі Ақтау және Құрық теңіз порттары арқылы жүк тасымалдауды ұлғайту бойынша жұмыстарды жалғастыруда. Мәселен, биылғы жылдың 4 айының қорытындысы бойынша аталған бағытта жүк тасымалы көлемінің өсімі 15 пайызды құрады. Құрық порты арқылы жүк көліктерінің өтуі 34 пайызға, ал Ақтау порты арқылы өтетін контейнерлер саны 27 пайызға өсті.

Қытайдан ЕО елдеріне контейнерлік транзиттің өтуі 3,4 есе артқанын ерекше атап өткен жөн. Сонымен қатар биыл Құрық портын тереңдету жұмыстары жоспарлануда. Бұл кемелердің портқа кіруі үшін жеткілікті тереңдікті қамтамасыз ету үшін қажет. Темір жол және су көлігі комитетінің өкілдері жұмыс сапары барысында Құрық портының суын тереңдету бойынша дайындық жұмыстарының барысымен танысты. Мамандар негізгі жұмысқа биыл жаздың ортасында кіріседі.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА ПЕРЕВОЗКИ ПО ТМТМ ВЫРОСЛИ В

3,5

РАЗА ПО СРАВНЕНИЮ С АНАЛОГИЧНЫМ ПЕРИОДОМ ПРОШЛОГО ГОДА.

К 2030 ГОДУ ВАГОННЫЙ ПАРК АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ОБНОВИТСЯ НА

700

ВАГОНОВ.

В ОСКЕМЕНСКОЙ ДИСТАНЦИИ ПУТИ ПЛАНИРУЮТ ЗАМЕНИТЬ

21

КОМПЛЕКТ СТРЕЛОЧНЫХ ПЕРЕВОДОВ ВО ВРЕМЯ ЛЕТНЕ-ПУТЕВЫХ РАБОТ.

4 АЙДА – 10 МЛН ТОННА

Биылғы жылдың қаңтар-сәуір айының қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржол көлігімен жүк тасымалдау көлемі 10,1 млн тоннаға жетті.

Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14%-ға өскен. Осы ретте экспорттың 21%-ға, яғни 4,5 млн тоннаға дейін өскені байқалып отыр.

ҚТЖ алға тартқан дерекке сүйенсек, Алтынкөл – Қорғас шекара өткелі арқылы тасымал көлемі өткен жыл деңгейіне қарағанда 8%-ға, 4,2 млн тоннаға дейін артып, оның ішінде экспорт – 42%-ға, яғни 1,5 млн тоннаға дейін артқан. Ал Достық станциясы арқылы Қытай еліне және кері бағытта 5,9 млн тонна жүк беріліп, бұл өткен жыл көрсеткішінен 18%-ға асып түскен. Экспортқа келсек, ол көрсеткіш 13%-ға, 3 млн тоннаға дейін өскен.

Нұрбек БЕКЕН


АҚАУ ТАБУ ШЕБЕРІ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



Астана вагон пайдалану депосының Қыркыншы станциясындағы ТҚКҚ вагон қараушысы Асқар Қарабаев қауіпті ақауды анықтады.

Быттыр «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісіне ие болған ол жуырда тағы да қауіпті ақау тауып, «Адал еңбегі үшін» белгісіне ұсынылып отыр. Қарағандыдан келе жатқан жүк тиелген вагон сеператорынан түнде анықталған ақау осал емес еді.



– Бұрын да бүйір рама-сының, ролик буксының сызаты, сепаратордың, тартым қамытының бұзылуы сынды бірнеше ақауды анықтағанмын. Ол кезде мұндай еңбектер елене бермейтін. Қазір компания тарапынан ақау тапқан вагон қараушыларды марапаттап көтермеу, материалдық қолдау жолға қойылған. Бұл біздің одан әрі өнімді еңбек етуімізге септік етеді, – дейді теміржолшы.

Вагон шаруашылығы бойынша жоғары білім алған ол Астана вагон пайдалану депосына 2006 жылы жолдамамен келген. Содан бері табан аудармай еңбек етіп келеді. Басқарма төрағасының атынан компания құндылықтарына адалдығы, жоғары кәсіби шеберлігі, компанияға сіңірген еңбегі үшін Құрмет грамотасымен марапатталған.

Суретті түсірген автор

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛҒАН

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбе облысында су тасқынынан зардап шеккен аудандарға теміржол арқылы құрылыс материалдары жеткізілуде.

Тұрғын үйлер мен бүлінген инфрақұрылым нысандарына қажетті материалдар тасымалданып, құрылыс қарқынды жүріп жатыр. «Ойыл ауданына құрылыс материалдары біздің станция арқылы жеткізілуде. Қазір Бейнеуде тиеу жұмыстары аяқталды. Қырыштық тас, цемент күтіп отырмыз. 40, 41 жолдарда түсіріледі», – деді Шұбарқұдық станциясының бастығы Алтай Абдуллин.

Ойыл ауданы – Ақтөбе облысында су тасқынынан ең көп зардап шеккен аймақтардың бірі. Мұнда екі ауыл толықтай жаңадан салынады. Шұбарқұдық станциясы Ойылға ең жақын және жолы жақсы. 150 шақырымдық жолмен жүк көліктері бір сағатта жетеді.

Ал Ақтөбе өңірінде теміржол нысандары су тасқыны кезінде зардап шеккен жоқ. Алдын алу шараларының уақытылы жүруінің арқасында темір жол бойын су шайып кету болмады және пойыз қозғалысына кедергі келмеді. Темір жол бойына жақын орналасқан 16 бөгет пен су қоймаларын қалпына келтіру жұмыстарын жергілікті билікпен бірлесіп жүргізді.

ТАЛАПҚА САЙ ӨТТІ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Тараз



«КТЖ» ҰК» АҚ Тараз көліктік оқу орталығы филиалы – Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығында өрт кезіндегі эвакуациялауға арналған оқу-жаттығу өтті.



Шартты түрде ғимаратта өрт шыққанда дабыл тегіті басылып, белгі берілген сәттен бастап, оқу орталығының қызметкерлері шұғыл іс-әрекетке кірісті. Алдымен жалын бірден өршіп кетпеуі үшін сыртқа шығар есіктен басқа есік-терезелер толық жабылды. Келесі кезекте жұртты сабырға шақырып, шығу белгілерін орындай отырып, ең жақын қауіпсіз жолы арқылы іштегілерді сыртқа шығаруға тырысты.

Арнайы өрт сөндіру көлігі келіп, мамандар іске кіріскенше, орталықтағы оқытушылар мен курсқа қатысушылардың басым бөлігі қауіпсіз орынға шығып үлгерген болатын. Әрі қарай өрт сөндірушілер ереже мен талапқа сай әрекетке көшті.

– Өрт кезінде адамдарды эвакуациялаудың есептік уақыты – өрт туралы хабарландырған сәттен бастап ғимараттан қауіпсіз аймаққа эвакуациялау аяқталған сәтке дейінгі уақыт аралығы десек, орталық қызметкерлері осы кезеңдегі іс-әрекетті ережеге сай атқарды. Жалпы кез келген адам төтенше жағдай кезіндегі ереже-талаптарды білуі тиіс, – дейді оқу орталығының директоры Лашынкүл Күзербаева.

Орталықта эвакуациялау оқу-жаттығуынан кейін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тақырыбында арнайы ситуациялық жағдайларды талқылау дәрісі өтті.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК СЫНҒА ТҮСКЕНДЕ...



ҚОРЫТЫНДЫ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша көктемгі байқауды қорытындылау жиыны өтті. Инфрақұрылымның жылжымалы құрамның, өндірістік-техникалық нысандардың ағымдағы жай-күйі, қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмысшылардың кәсіби дайындығы, мекемелердің жабдықтармен, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілуі, қызметтік-техникалық ғимараттардың жағдайы сараланған жиынға барлық құрылымдық бөлімшелер, станция басшылары мен жауапты мамандар қатысты.

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Тексеру комиссиясының төрағасы, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Аслан Базарғалиев атап өткеніндей, өткен 4 айда Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша өндірістік жарақат алу жағдайы болмаған. Жалпы алғанда, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың абаттандырылуы, жұмысшылардың тәртібі – қанағаттанарлық. Тексеріс кезінде Жүк тасымалы мен Магистральдық желі бөлімшелері бойынша барлығы 1 346 кемшілік анықталған.

Бас инженер Бауыржан Картаннның баяндамасынан тексеріс барысында станциялар, вагон, локомотив деполарының басшылары тарапынан қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша лауазымдық міндеттері жеткілікті деңгейде атқарылмайтыны белгілі болды. «Қызметкерлердің білім деңгейі, стандартты емес жағдайлардағы іс-әрекетке дайындығы төмен, нормативті-техникалық құжаттамалар дұрыс жүргізілмейді. Еңбек қорғау бойынша 28, техникалық дайындық пен білім 15, техникалық құжаттаманы жүргізу бойынша 42 кемшілік анықталып, 17 адам кері аттестацияға жіберілген. Мұның бәрі техникалық сабақтардың сапасына мән беру қажеттігін білдіреді, өйткені учаскелік ревизорлар мен станция басшылары техникалық сабақтарды жеткілікті деңгейде өткізбейді, соның салдарынан білім мен біліктілік саяздығы шығады», – дейді бас инженер. Құрылымдық мекемелер (ВЧД, ТЧЭ-3, ТЧЭ-4, ДС) бойынша да кемшіліктер аталып, қозғалыс және жүк шаруашылығына 24, вагон шаруашылығына 17, локомотив бойынша 6 тыйым салу шаралары қолданылып, оларды түзетуге нұсқау берілген. НЖС бойынша да жол шаруашылығында 69, байланыс бойынша 38, электрмен қамтуда 15 тыйым салу шаралары қолданылған.

Жиын барысында станцияларға тән кемшіліктер – мамандардың білім төмендігі, кейбірінде шпалт жеткіліксіздігі, құжаттаманы дұрыс толтырмау, шпалдардың шашылып жататыны, сынған башмақты пайдалану, еңбек қорғау шараларының сақталмауы, өрт қауіпсіздігі, яғни ғимарат пен станция аумағында өрт гидранттарының жоқтығы, жұмысшыларға санитарлық-тұрмыстық жағдай жасалмауы, т.б. сөз болды. Вагон депосында қозғалыс қауіпсіздігін анықтауға бағытталған ұйымдастыру-техникалық шаралары тиімді пайдаланылмайтыны, жөндеу пункттері де қосалқы бөлшектермен толықтай қамтылмай отырғаны, ал ол вагондарға қызмет көрсету мен жөндеуде үлкен кемшілік туғызып, қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келетіні айтылды. Мәселен, тексеріс кезіндегі 10 пойыздың 56 вагоннан ақау табылып, 16 вагон ағымдағы жөндеуге ағытылған. Вагон қараушы-жөндеушілердің радиостанцияларының да жағдайы мез емес, алыстаған сайын естуі нашарлай береді екен...

Локомотив шаруашылығы бойынша Мақат және Атырау деполарында барлығы 58 кемшілік анықталған. Машинист-нұсқаушылар локомотив бригадалары құрамымен тәртіптік-алдын алу жұмыстарын жеткілікті деңгейде жүргізбейді, машинист жұмысын



бақылау төмен, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша кешенді ұйымдастыру және техникалық шаралар жүзеге асырылмайды. Локомотив деполарының басшылары мен орта буындары, нұсқаушылар тарапынан өздеріне қарасты мәселелер бойынша қажетті шешім алынбайды. Атап айтқанда, жұмыс технологиясын, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында ұйымдастырушылық және техникалық шаралар алу, цехтар мен учаскелерді тексеру, локомотивті жөндеу сапасын қадағалау, жылдамдықты реттеу лентасы мен каскетаны дұрыс көрсетуін тексеру, ТО-2, ТО-3 техникалық қызметінен кейін локомотивтердің жағдайын тексеру, т.б. мәселелер. Сервистік қызметтен кейін локомотивтер кепілді мерзімге жете алмай қалады.

Жол шаруашылығы бойынша 69 тыйым салу шарасын қолданған, оның ішінде жолды жабу – 4, бағыттамалы бұрманы жабу – 3, жылдамдықты шектеу – 62. Ол кемшіліктер жол шеберлері мен бригадирлерінің өз міндеттеріне көзжұмбайлықпен салғырт қарап, дистанция бағыттарының қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда жеке қатысу нормативтерін орындамаудан туындаған. Сигнализация және байланыс дистанцияларында да технологиялық процесс кестесі сақталмайды, құрылғыларды тексеру, жөндеу жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмейді. Электрмен қамту дистанциясы бойынша да жылдағы кемшіліктер қайталанған, оларды уақытында түзеп отыруға бақылау, құрылғыларды технологиялық процесс талаптарына сай тексеру өз деңгейінде емес.

Атырау магистральдық желі бөлімшесі бастығының міндетін атқарушы Амангелді Рахмеденовтің быыл 70 шақырым жолға күрделі жөндеу жүргізілетінін айтты. «Соның арқасында жолдың сапасы жақсарады. Алайда, дистанция басшылары қай жерде жолдың нашар, тіпті мүлде нашар екендігін білмейді. Быттыр 100 шақырым күрделі, 26 шақырым күшейтілген орташа жөндеу жүргізілді. Ал бірақ Құлсары станциясында пойыздың жолдан шығуы орын алды. Өйткені басшылар сол жолды өздері жүріп қарамайды. Сол себепті нағыз нашар деген жерлер жөндеусіз қалып жатады. Сондықтан күрделі жөндеуге сеніп отыра бермей, жолдың бойын түгел шарлап, қай жерді жөндеу қажеттігін қадағалап отыру шарт», – деді ол. Жаңадан ашылып жатқан «Ғимарат бөлімі» бойынша да атқарылар

жұмыстар жеткілікті. Быыл НЖС бойынша 21 ғимарат жөндеуден өтуге тиіс, бірақ әлі күнге жұмыс басталмаған. НОД-13 ғимараты 20 жылдан бері жөндеу көрмеген.

Бөлімшенің бас ревизоры Жәнібек Көбеев пен салалық ревизорлардың мәліметіне сүйенсек, Мақат-Сағыз учаскесінде бағыттамалы бұрмаларға дұрыс көңіл бөлінбейді, бұрма жолдың ұштары желінген, жолдар сапасын тексеру де нашар жүргізіледі. Тексеру анықтағандай, Атырау қалпына келтіру пойызында техникалар дайын емес. Барлық салада мамандардың өз салалары бойынша білім деңгейі төмен, 17 адам кері аттестациядан өтуге жіберілген. Құрылымдық бөлімшелердің қай-қайсысында да ауысымды тапсырып-қабылдау талапқа сай жүргізілмейді, ол вагон қараушы не тепловоз машинисі, жөндеушілер болсын, бәрі де салғырт қаралады. Локомотив кезекшілерінің өз міндеттерін білуі, таспа жазуларын тексеру төмен, кемшілік уақытында түзетілмейді. Машинист-нұсқаушылардың жұмысын ширатқан дұрыс. Байланыс саласы бойынша СОБ қондырғысын күтіп-ұстау, оларды қолдану технологиясы мен нормативтер сигнализация және байланыс дистанциялары мен учаскелер жетекшілері, аға электромеханиктер тарапынан жеткілікті дәрежеде орындалмайды. Мекемелерде өрт қауіпсіздігі бойынша да ескертулер көп болды, көбінде өрт сөндіру гидранттары, су қоры жоқ, мекемелер өрт сөндіру құралдарымен толықтай қамтылмаған.

Жалпы, қай мекемеде де мамандар «көп болса бір ескерту не сөгіс алармыз» деген түсінікке егі үйреніп кеткені айтылды. Ал оның артында қозғалыс қауіпсіздігі сақталмай, апат орын алуы мүмкіндігін ескермейді. Бұл ең алдымен басшылар тарапынан жұмыстың жоғары сапада орындалуын талап ету деңгейі төмен екендігін білдіреді.

Жиын соңында аталған жайттар саралана келе, бөлімше басшылығы көктемгі тексеріс анықтаған кемшіліктерді түзету, оқушыларды қалпына келтіру, мамандардың білімі мен біліктілігін арттыру, өз міндеттеріне жауапты қарау, техникалық сабақтар сапасын жақсарту, еңбек және қауіпсіздік техникасын сақтау жөнінде шешімдер қабылдады. Сонымен қатар, қауіпсіздік сыныға түскен өндірісте көзжұмбайлықтан арылу керектігі қатаң сөз болды.

Суретті түсірген автор

ЖҮЗ МЫҢ ВАГОНҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІ



СТАНЦИЯ

Арыс-І станциясының сұрыптау паркі 22 жұп темір жолдан құралған. Жыл басынан бері мұнда 101 610 вагон қабылданып, өңделген.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

Жүз мың вагонның 60 411-не жүк тиелген де, 41 199 вагон бос келгенімен станция қызметкерлері тарапынан бәріне тиісті қызмет көрсетілген. Сол сияқты пойыз қабылдау көрсеткіші де алдын ала жоспарланған мекеден жоғары.

– Айталық, бір ғана сәуір айында Арыс станциясы 1 978 пойыз қабылдаған болса, оның

1 359-ы осында аялдап, тиісті қызметін пайдаланған. Ал 619 жылжымалы құрам транзиттік пойыз болғандықтан станция аумағынан өте шықты, – дейді станциядағы еңбек және жалақыны реттеу жөніндегі жетекші инженер Өсемгүл Қалдыбекқызы.

Жалпы, жылдың алғашқы 4 айында Арыс станциясының ұжы-



мы 8 096 пойыз қабылдап, 8 235 пойыз құрастырып, жөнелткен. Станцияға келген жылжымалы құрамдар жағдайға қарай тартылып немесе қайта жинақталып, белгіленген бағыттар бойынша жолға шығарылады. Станция инженері Қайрат Өмірбаевтың айтуынша, жүк вагондары негізінен 3 бағыт бойынша – «Солтүстік», «Оңтүстік»,

«Шығыстан» келеді. Ал сұрыптау паркіндегі бір ауысымдық жұмысқа 7 тепловоз бен 2 электровоз жұмылдырылады. Кезекшілік қызметке түскен маман мен 3 оператор, станция паркіндегі вагондарды асықша иіріп, 6 маман вагон жылдамдығын реттеумен айналысып, өндірістік көрсеткішті еселеуде.

Суретті түсірген автор

БОЛЬШОЙ ОБЪЕМ – ПО СИЛАМ



РЕМОНТ ПУТИ

В Акмолинском отделении магистральной сети (НЖС-1) путеремонтная кампания в самом разгаре. Железнодорожникам предстоит выполнить большой объем работ по оздоровлению пути и повышению уровня безопасности движения.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В регионе полным ходом ведутся работы, технологические «окна» по капитальному, усиленно-среднему и среднему ремонту пути, смене стрелочных переводов с привлечением машин тяжелого типа РМ, ДМ, ДГС, ПБР.

В предстоящую путевую страду плановый объем ремонта составляет 110 километров. Так, капитальный ремонт пути по Атбасарской дистанции пути стартовал в апреле при плане 14,5 километра на перегоне ОП-80 (в том числе 1 главный путь) – Жаксы (нечетный путь, 469-484-й километр). На сегодняшний день весь объем работ по укладке рельсошпальной решетки выполнен на 100%, продолжаются вторичные работы и смена инвентарных рельсов на плети.

Одновременно с этим подобные работы стартовали и по Жана-Есильской дистанции пути в объеме 35,1 километра на перегоне Янко – Саумалкол (273-309-й километр). В связи с этим было проведено совещание по организации работ на данном участке.

По его итогам заместитель директора филиала ТОО «Integra Construction KZ» Бауыржан Бекишов предложил провести все работы в рамках 10 сутокного «окна». Тем более что установившаяся



в эти дни сухая и теплая погода располагала к работе. Поэтому нельзя было медлить. Железнодорожники под руководством первого заместителя директора по эксплуатации филиала АО «НК «КТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» Рашита Аушахимова впервые в практике применили данный опыт, при котором за 10 суток было уложено 18 километров рельсошпальной решетки на новых материалах.

– Перегоны полностью перекрываются для движения поездов. И мы, собрав в единый кулак мощную технику и людей, организовали круглосуточную и бесперебойную работу, которая принесла максимальную отдачу, – поясняет Рашит Аушахимов. – Кроме того, хотелось

бы отметить ведущих инженеров отдела пути Данияра Тасимова и Олега Ануфриева в предоставлении данного технологического «окна», а именно в оформлении технологического процесса и утверждении в варианном графике.

Вплоть до конца мая планируется провести аналогичное технологическое «окно», при котором будут уложены оставшиеся 17,1 километра рельсошпальной решетки.

На этот год также планируется проведение капитального ремонта пути по Кокшетауской дистанции пути на перегоне разъезд Жанатурмыс – разъезд Кауданды (13-33-й километр) в объеме 19,1 километра однопутного пути и перегоне Уголки – Карагай (в том числе 1 главный

путь) в объеме 25,05 километра нечетного пути.

По Жана-Есильской дистанции пути подобные работы будут организованы на перегоне Жана-Есиль – Первая Целинная (в том числе 1 главный путь) в объеме 16,6 километра нечетного пути.

Кроме этого, ведется активная работа по среднему ремонту пути. При плане 12 километров на сегодня выполнено два километра, в основном работа осуществляется в пределах Кокшетауской и Жана-Есильской дистанций пути.

Также ведется работа по смене комплексов стрелочных переводов на железобетонных брусках, на этот год заложен план по смене 68 стрелочных переводов, из них по Жана-Есильской дистанции – 11, Кокшетауской дистанции – 19, Астанинской дистанции – 32 и Атбасарской дистанции – шесть стрелочных переводов. На сегодняшний день произведена укладка пяти стрелочных переводов по Кокшетауской дистанции пути.

По Астанинской дистанции пути также работает комплекс машин тяжелого типа РМ, ДМ, ДГС, ПБР по глубокой очистке загрязненного балласта. Здесь необходимо отметить начальника Астанинской дистанции пути Даурена Кабаса по организации работ на участке Астана – Караганда.

На этот год в рамках летне-путевых работ запланирована сплошная смена рельсовых опор по Астанинской дистанции пути – 11 километров.

К слову, путевая страда продолжается. Задание по ремонту пути на текущий сезон – немалое. И справиться с большими объемами работ путевцам магистрали вполне по силам.

Фото автора

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ



ОСМОТР

